

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JRNN9436>**А. А. Әбсадық¹, *Н. Елесбай², Д. Б. Кусаинов³**^{1,3}А. Байтұрсынұлы атындағы

Қостанай өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.;

²М. О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0482-1223>³ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-4667-1051>*e-mail: n.a.sh_januya@mail.ru

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Қазақ пен қырғыз халықтары – ежелден тағдырлас, мәдениеті мен тарихы сабақтас туыс жұрт. Олардың әдеби және фольклорлық дәстүрлеріндегі ұқсастық – ортақ рухани байланыстың көрінісі. XVIII ғасыр хандар мен батырлар, XIX ғасыр ақындар дәуірі болды. 1916 жылғы патша өкіметінің «25 июнь» жарлығы қазақ және қырғыз халықтарының ұлт-азаттық көтерілісіне себеп болды. Бұл оқиға екі елдің ақын-жазушылары шығармаларында кеңінен бейнеленіп, отарлық езгі, жер мен судан айрылу, әлеуметтік теңсіздік сияқты мәселелерді ашып көрсетті. Арыстанбек Бұйлашұлы мен Албан Асан секілді ақындар заманды діни аңыздардағы «ақырзаман» белгісімен сипаттады. 1916 жылғы тарихи оқиғаларды терең зерттеу мен екі халық ақындарының шығармаларын салыстыра талдау — сол дәуір шындығын тануға және ортақ тарихи жағдайға жаңғыртуға мүмкіндік береді. Мақалада сол дәуірді бастан кешірген қазақ және қырғыз ақындарының 1916 жылға арналған жыр-дастандары талданып, тарихи шындықтың көрінісі, көтерілістің себептері мен нәтижесі, сондай-ақ екі халық шығармаларындағы ортақ және айрықша сипаттар салыстыра зерттелді. Зерттеу барысында 1916 жыл оқиғасына қатысты

жарық көрген негізгі дереккөздер пайдаланылды, талдау барысында қазақ және қырғыз халық ақындарының шығармалары негізінде тарихи жағдай мен қоғамдық-саяси мәселелер зерделенді.

Кілтті сөздер: 1916 жыл, ұлт-азаттық көтеріліс, ақындар шығармашылығы, үркін, босқын, айырмашылық, ұқсастық, өзіндік ерекшелігі.

Кіріспе

Қазақ пен қырғыз халықтары – ежелден тағдырлас, мәдениеті мен тарихы сабақтас туыс жұрт. Олардың әдеби және фольклорлық дәстүрлеріндегі ұқсастық – ортақ рухани байланыстың көрінісі. XVIII ғасыр хандар мен батырлар, XIX ғасыр ақындар дәуірі болды. Дулат, Шортанбай, Мұрат, Асан сияқты зар заман өкілдері халықтың отарлық езгіге түскен ауыр тағдырын жырласа, қырғыз ақындары Қалығұл, Арстанбек, Молда Нияз, Барпы шығармаларында да ел мұңы бейнеленді.

Ауызша поэзия екі халықтың тарихи жадының айғағы болып, қоғамдық-саяси өмірді, күрес пен әділет іздеу жолын көркем бейнеледі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы отарлық қысым мен жерден айырылу 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тууына негіз болды. Бұл тарихи оқиға екі халық ақындарының жырларында кеңінен көрініс тапқан [1, 230-б.].

XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар халықтың саяси санасын оятып, патша өкіметінің отаршыл саясатына қарсы жаппай наразылық туғызды. Әскер қатарына емес, майдандағы қара жұмысқа шақыру жөніндегі жарлық халықтың ашу-ызасын тудырып, ел қарулы көтеріліске шықты. Бұл бүкіл қазақ даласын қамтыған ұлт-азаттық қозғалысқа айналды [2].

А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов сияқты алаш қайраткерлері мен замандас зерттеушілер бұл оқиғалардың себеп-салдарына талдау жасаған. Р. Ж. Орынбекова мен Қ. С. Өскенбаев өз еңбегінде Ә. Бөкейханов бастаған зиялылардың «Қазақ» газеті арқылы халықты сабыр мен сақтыққа шақырған үндеулерін атап өтеді [3, 32-б.].

Алайда патша өкіметінің қысымына қарсы халықтың наразылығы тоқтамады. Торғай, Жетісу, Ақмола, Атбасар өңірлерінде, сондай-ақ Қырғызстанның Чүй, Кочкор, Ыстықкөл, Кемин және Нарын аймақтарында көтерілістер бұрқ етіп, халық бірлігі мен ерлігінің көрінісіне айналды. Ақмола мен Атбасар уездеріндегі қозғалыстардың себептері мен ерекшеліктері Қ. Сейтқазина, Г. Түсіпова, Т. Садықов, Д. Омаров және С. Нәбиевтің зерттеуінде кеңінен қарастырылған [4].

Жетісудағы ең ірі көтеріліс – Қарқара қозғалысы – отарлық саясатқа қарсы халықтық қарсылықтың шарықтау шегі болды. Бұл өңірдің тарихында

жоңғар, коқан және орыс отаршылдығының іздері терең сақталған, сондықтан халықтың қарулы қарсылыққа шығуы заңды құбылыс еді.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу барысында 1916 жыл оқиғасына қатысты жарық көрген негізгі дереккөздер пайдаланылды: «Ақыр заман. // Албан Асан сөздері» [5, 102-б.], *Қарқара толғауы* (2016), «Көдек Байшығанұлының толық шығармалар жинағы» (2022), **Мурас** (1990), **Кайран эл тайгак кечүүдө** (2016) және ҚР «Ғылым ордасы» мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларындағы материалдар (1013, 1017, 1022; 340, 887-бумалар).

Талдау барысында қазақ және қырғыз халық ақындарының шығармалары негізінде тарихи жағдай мен қоғамдық-саяси мәселелер зерделенді. Негізгі әдістер ретінде салыстыру, мазмұндау және жинақтау тәсілдері қолданылды. Бұл тәсілдер арқылы екі халықтың 1916–1917 жылдардағы ортақ тағдырын ашуға және тарихи оқиғаларға ғылыми баға беруге мүмкіндік туды.

Нәтижелер мен талқылау

1868 жылы Г. А. Колпаковскийдің бастамасымен жасалған «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы» ереже негізінде 1891 жылы Ресейден келген мұжықтар мен Шығыс Түркістан босқындарын орналастыруға арналған «Жаңа ереже» қабылданды [6, 237-б.]. Бұл құжат бойынша қоныс аударған орыс шаруаларына жан басына 10–30 десятинаға дейін жер бөлініп, бірнеше жыл салық пен міндеткерліктен босатылды. Ал жергілікті қазақтар мен қырғыздарға мұндай жеңілдіктер қарастырылмады.

XIX ғасырдың соңына қарай орыс патшалығының қазақ және қырғыз жерлерін толық отарлау кезеңі аяқталды. Көшпелі елдің мал өрісі тарылып, суы мол, шұрайлы жайылымдардың барлығы қоныс аударушылардың еншісіне өтті.

А. А. Әбдуқахаров бұл кезеңді «Орталық Азия тарихындағы күрделі әлеуметтік, саяси және мәдени процестердің нәтижесінде отарлау саясатына қарсы жинақталған қоғамдық сананың ашық көрінісі» деп бағалайды [7, 231-б.].

Осы тұстағы елінің қайғы-қасіретін жырына арқау еткен Асан молда: «Заманың сенің тарылды» деген жырында қоғамдағы болып жатқан бар шындықты, болмысты дәл суреттейді:

<i>«... Қымбатшылық көтерген,</i>	<i>Үшқақпақ деген төрді алды.</i>
<i>Диханың келді, көлді алды.</i>	<i>Есекартқан, Сүмбемен,</i>
<i>Талдыбұлақ, Көкқырқа,</i>	<i>Қоныстың шеті өрді алды.</i>
<i>Қызылқия белді алды.</i>	<i>Егіс, шабыс, жазық жер,</i>
<i>Бақтытерек, Бақтықұрай,</i>	<i>Мұның бәрін жондады.</i>
<i>Шаппатұз деген кенді алды.</i>	<i>Албан, Бұғы қонысы,</i>
<i>Қарабұлақ, Саржазық,</i>	<i>Пайдаланған жерді алды.</i>
<i>Текесті де енді алды.</i>	<i>Жазықтан тегіс айырылдың,</i>
<i>Ойқайың, Қараой, Дардамты,</i>	<i>Қысылмаған нең қалды?!»</i>

(Қарқара толғау, 2016, б. 36-37) [8, 320-6.] –

деп, патша өкіметі жергілікті әкімшілік басқару жүйесінің шабармандары Ресейден келген орыс шаруаларына қазақ пен қырғыздың жақсы жерлерін үлестіріп беріп, ата қоныс, туып-өскен жерінің қызығын көре алмай, қиыншылыққа, кедейшілікке ұшыраған халықтың мұң-зарын ашық айтады. Қырғыздың «Бұлбұл» ақыны атанған Арстанбек Бұйлаш уулу заманның халін өзінің «Тар заман» атты толғауында:

<i>«...Ошол орус чыкканда</i>	<i>Карды салык байды алды.</i>
<i>Миң үйлүүгө баш болуп,</i>	<i>Кача турган жайды алды,</i>
<i>Болуш чыгат дечү эле.</i>	<i>...</i>
<i>Суу башында үйү бар,</i>	<i>Бул орусту карасаң,</i>
<i>Үй башында бийи бар,</i>	<i>Суу-сууга салды бекетти»</i>
<i>Буйрук менен кондурган,</i>	<i>(Мурас, 1990, б. 37-38) [9, 448-6.]</i>
<i>Конуш чыгат дечү эле.</i>	

...
Бул орусту карасаң,
Ченчи салып жерди алды,

Бээден туулган керди алды, – деп өзінің бала кезінде үлкендерден естіген болжалды әңгіменің шындыққа айналғанын, бұрынғы қырғыз елінің дәстүрлі билік жүйесінің өзгеріп, патшалық әкімшілік жүйенің орнап, болыстық, старчын, елубасы, онбасы дейтін басқару түзімінің халықты қан қақсатқан әділетсіз істеріне наразылығын білдіреді. Мұнда да Албан Асан ақын айтқандай орыс келген соң ең алдымен ченчы салып, өлшеп жерді алғанын, қала салғанын, елде қандай жақсы нәрсе болса, бәрін тартып алғанын ашына жырлайды.

XIX ғасырдың 70–80 жылдарынан бастап қазақ пен қырғыз халқының әлеуметтік жағдайы күрт нашарлады. Отаршылдық қысым, жер тапшылығы, халықтың күнкөріс мүмкіндігінің шектелуі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс

қарсаңында елдің әл-ауқатын ауыр күйге түсірді. Бұл жағдай Асан мен Арстанбек сияқты ақындардың жырларында айқын көрініс тапқан.

І. Жансүгіров өз еңбегінде: «Асанның өлеңдерінің ең құнды тұсы – елдің жерден қысылған жағдайын бейнелеуінде. Жетісуда жер мәселесі отарлау заманында айырықша ауыр болды. Алатау маңындағы шұрайлы жерлер казак-орыстар мен мұжықтардың иелігіне өтіп, Албан, Бұғы, Қарқара секілді қазақ-қырғыз қоныстары қазыналыққа алынды. Ел қоныссыз, мал өріссіз қалды» – деп жазады.

Халықтың әлеуметтік теңсіздігі мен отарлық езгісі 1916 жылғы көтерілістің басты алғышарттарының бірі болды.

1916 жылғы «25 июнь» жарлығы қазақ пен қырғыз жерінде халықтың жаппай наразылығын тудырып, ұлт-азаттық көтеріліске ұласқан басты себептердің бірі болды. Халықтың қара жұмысқа бала беруге қарсы наразылығы елдің ашу-ызасын қоздырып, отаршылдық езгіге қарсы ашық қарулы қарсылыққа әкелді.

Профессор С. Султанғалиева өз зерттеуінде («*Central Asian uprising of 1916 in modern foreign historiography*») көтерілістің негізгі себептерін «отарлық қысымның күшеюі, жер мен салық саясатының ауырлауы, еңбекшілердің қанауы, орыстандыру және соғыс салдарынан халық тұрмысының күрт нашарлауы» деп сипаттайды [10, 51-6.].

Көтеріліс туралы жырлаған ақындардың көпшілігі – сол оқиғаның тікелей куәгерлері, зобалаңды өз көзімен көрген тұлғалар. Сондықтан олардың шығармаларында тарихи шындық бұрмаланбай, халықтың көрген қасіреті мен қайғысы нақты бейнеленген.

1916 жылғы Жетісу өңіріндегі оқиғаларға арналған қазақ және қырғыз ақындарының шығармалары халықтық азаттық рухын, тағдырлас екі елдің ортақ мұңын көрсетуімен ерекшеленеді. Бұл зерттеуде сол туындылардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары салыстырыла талданады.

Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Қарқара өңіріндегі Албан көтерілісі – 1916 жылғы «25 июнь» жарлығына қарсы қазақ жеріндегі алғашқы қарулы қарсылықтардың бірі болды. Бұл қозғалысқа Албан руымен көршілес қырғыздың Бұғы рулары да қосылып, жазалаушы әскерлермен қиян-кескі шайқастар жүргізді. Көтеріліс басшыларының қолға түсуі мен жазаға тартылуы, аман қалғандардың Қытайға өтіп, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін туған жеріне оралуы – сол дәуірдің ең қасіретті кезеңдерінің бірі ретінде ақын-жыраулар шығармашылығында кеңінен жырланды.

АҚШ-тағы Джонс Хопкинс университеті баспасынан С. Ф. Старрдың алғы сөзімен шыққан Э. Д. Соколдың «*The Revolt of 1916 in Russian Central Asia*» еңбегінде: «бір ғасыр бұрын шамамен 270 мың адам – қазақтар,

тәжіктер, түрікмендер, өзбектер және әсіресе қырғыздар – жаппай қырғынға ұшырады» [11] деп көрсетіледі.

Бұл тарихи зобалаңның куәсі болған Көдек Байшығанұлы, Бөлтірік Атыханұлы, Қабылбек Сауранбаев, Әжек Мырзаұлы, Ысақ Шайбеков және басқа да ақын-жыршылар өз шығармаларында көтерілістің басталуын, Қарақолдағы қырғынды, босқыншылық пен ел азабын шынайы суреттеді. Молдахмет Қарашұлы мен Көдек Маралбайұлының дастандарында босқын халықтың ауыр тұрмысы, ал Бөлтірік пен Қабылбектің жырларында ерлік пен рух бейнеленіп, тарихи және көркемдік шындықтың сабақтастығы айқын көрініс тапты.

Төңкерісшіл қайраткерлер О. Жандосов, Ы. Көшкінов, Ә. Жүнісов ұйымдастырған Қарқара көтерілісінің 10 жылдығында 1916 жылы Қайқы асуында атылған 15 адамнан тірі қалған екі адамның бірі Алдаберген Қойшыбековтен және 1936 жылы осы көтерілістің 20 жылдығына орай Қарақолда (Прежвалскде) өлім жазасына кесілген ұйымдастырушы-басшылардан аман құтылған үш адамның бірі Әубәкір Сұлтанбекұлынан, көтерілісші-сарбаздар Сыбантай Баянбайұлынан, Жазылбек Серібайұлынан, Іргебай Дәлденбайұлынан, т.б. жазылып алынған естеліктер мен ақындар жырларындағы мәліметтер арасында айтарлықтай алшақтық байқалмайды. Мәселен, Көдек Байшығанұлының «Албан тарихы» атты жырында өткенгі тарих-шежіреден сөз қозғап, албан тайпасынан шыққан руларды және олардың өріс, қоныстарын, ел ұстаған, сөз ұстаған игі-жақсыларын таратып айтады. Соңында 1916 жылғы «Албан көтерілісі» болардың алдындағы халықтың дүрлігуі, Жәменке, Ұзақ батыр сынды ел басшыларының Ақбейтіке жиылып, бозбие сойып «Берсек бала өледі, бермесек қарсыластың деп шал өледі. Бала өлгенше шал өлсін» деп, бәрі анттасады. Ел ұйғарымын ұлыққа жеткізуге Айтпай, Тұрлықожа, Серікбай, Жаңабайларға жүктейді. Жырда Тұрлықожаның ұлық алдындағы бет-бейнесі, өжет мінезі көрініс береді:

*Сөйлеген ел атынан Тұрлықожа,
Сөзіне ел ұранын қару еткен.
«Хан тайса, қарашасы бұзылады»,
Дегенді бетіне айтып салық еткен.
Даусы саңқылдаған, сөзі өткір,
Бұршақтай төбесінен жауып өткен.
Бұдан кейін Албанда жақсы-жайсаң,
Ұсталып Қарақолға бәрі кеткен.
Тұрмедее Жәменкеге у беріпті,
Сексенді еңсергенде халі кеткен.
(Байшығанұлы, 2022. б. 192) [12, 312-б.]*

1916 жылғы «25 июнь» жарлығы шыққан соң, Жаркент уезіне қарасты Албан руының болыстарына Қарқара пристапы Подварков 19–43 жас аралығындағы ер азаматтарды қара жұмысқа алу жөнінде бұйрық береді. Бұл хабар ел ішінде үлкен дүрбелең тудырып, халық кеңесіп шешім қабылдауға уақыт сұрайды. Шілденің 11-күні болыстар Тұрлықожа, Айтпай және Серікбай бастаған ел атынан жауап береді. Тұрлықожа приставқа: *«Жерді де, қонысты да, суды да тартып алдыңдар. Енді баламызды да бермейміз!»* – деп кесіп айтады [13, 1022-б.].

Халықтың қарсылығын сезген Подварков елдің игі-жақсыларын алдап ұстап, Қарақол түрмесіне жібереді. Онда да олар өз ұстанымынан таймайды. Сұрақ-жауап кезінде Жәменке у беріліп өлтіріледі, ал қалғандарына оқ жаудырылады. Осы сәтте Ұзақ батыр: *«Қапаста қырылғаниша, жаумен айқасып өлелік!»* – деп үн қатады. Әубәкір мен Бекайдар түрме есігін бұзып, тұтқындарды босатады. Алайда, қанды шайқаста көптеген адам мерт болады, Ұзақ жараланып қолға түседі.

Кейінгі естеліктерге қарағанда, Ұзақты ұйғыр саудагердің үйінде жасырғанымен, кейін сатқындар оны ұстап береді. Түрме бастығы оны азғырып, елді қайтаруға үгіттейді, бірақ батыр бас тартып: *«Ханды Құдай ұрарда, қарашасымен атысады»* – деп жауап береді. Ақыры Ұзақ батырды атып өлтіреді [14].

Осы оқиға Иманбек Сәтімбекұлының жырында да нақты суреттелген:

*«...Шейіт қылып соларды,
Қарақолда атты ғой.
Сол жерде өліп қатты ғой.
Төрт кісіні сол жерден,
Алланың өзі қақты ғой.
Тұрлықожа, Жайшыбек,
Әубәкір, Біләлмен*

*Өлімнен аман қатты ғой.
Өкшесінен оқ тиіп,
Ұзақ ырғып кетті ғой.
Әрең қашып ер Ұзақ,
Үйге кіріп кепті ғой.
Ұтап беріп қашқарлық,
Ұзаққа ажал жетті ғой»* [15, 58-б.].

1916 жылғы 13 тамызда болған Қарақол түрмесіндегі қырғынның суреттелуі ақындар шығармаларында тарихи деректермен үндес келеді. Кейбір көркемдік элементтер мен оқиға детальдарының өзгеруіне қарамастан, жырлар мазмұндық тұрғыдан тарихи естеліктерге сай бейнеленген.

Көдек Байшығанұлының шығармасында Ұзақ батырды ұстап берген дүнген деп көрсетілсе, *«Етекбайдың жырында»* Албан елінің Қарқарадағы жиынында халықтың күйзеліс пен қорқынышқа толы көңіл-күйі суреттеледі. Қару-жарақсыз халықтың батырды құтқаруға деген талпынысы мен дәрменсіздігі жанды бейнеленген.

Жырларда патша шенеуніктері мен көтеріліс басшыларының арасындағы диалог ерекше көркемдік мәнге ие. Бірі билік пен қаруға сенсе, екіншісі ел намысы мен рухына арқа сүйейді. Сондықтан да батырлар ұлықтар алдында іріклмей, өз ойын ашық жеткізеді.

Қ. Сауранбаевтың *«Ұзақ батыр немесе Бекболат Әшекеевтің үндеу хаты арқылы Албан, қырғыздың қатысуымен болған көтеріліс»* атты жырында көтеріліс басшылары көрші Қарақол мен Верный уездеріне жаушы жіберіп, қазақ пен қырғыз халқын бірігіп күреске шақырады. Бекболаттың үндеу хатын Сібірден оралған Тайлақ Үшбасыұлы жеткізеді. Хатта: *«Теңдікті басқа жұртпен бірдей ет деп, приговор ұсыныңдар патшаға»* [16, 340-б.], – деген үндеу арқылы халық теңдік пен бостандыққа шақырылады. Батыр соңында: *«Тілекті бермеген күнде, қарулы көтеріліске шақырамын. 1916 жылы июннің 29-да, Жерқоңырда»* деп қол қояды. Жырда көтеріліс көсемдерінің қара жұмысқа бала бермеуге анттасуы мен олардың сатқындықпен қолға түсуі әсерлі бейнеленген. Бұл оқиға Жетісу өңірі ақындарының шығармаларында кеңінен көрініс тапқан. Ұлы Жамбыл да: *«Он алтыншы жылында, басшылары ұсталып, қырғын тауып қалғаны»* [17, 34-б.], – деп сол зұлматты өкінішпен еске алады.

Қабылбек жырында көтерілістің кейінгі кезеңі суреттеледі. Көсемдер ұсталған соң, олардың орнын жас сарбаздар басып, елді қорғау үшін жаңа қосын құрады. Олар партизандық соғыс тәсілін қолдана отырып, қарулы орыс әскеріне қарсы ұрыс жүргізеді. Тайлақ Үшбасыұлы, Монай және Мұқан Ұзақбайұлының ерлігі ерекше жырланып, Қарқара жәрменкесіне жасаған шабуылдары патша отаршыларына ауыр соққы ретінде бейнеленеді.

Ата қонысын, бар мүлкін тастап, ұрпақ амандығы үшін шекара асқан ел рухани беріктігін жоғалтпайды. Патша әскері мұздай қаруланса да, халықтың рухын жоя алмады — 16 болыс Албан елінен бірде-бір адамды қара жұмысқа күштеп алу мүмкін болмады. Қиын қыстан аман шыққан жұрт Ақпан төңкерісінен кейін туған жерге оралады. Алайда казак-орыстар мен қоныстанушылардың талауы жалғасып, таптық қақтығыстар өршиді. Сол шайқастарда Монай, Мұқан, Тайлақ батырлар ерлікпен қаза тауып, оқиға Қарқара өңірінде Кеңес өкіметінің орнауымен аяқталады.

1916 жылғы оқиғаның куәгері әрі қатысушысы Бөлтірік Атыханұлы өз шығармасында сол зобаланды шынайы суреттейді. Оның *«Ел жарыла көшкенде»* жырында көтерілісшілердің қайғысы мен халықтың азапты тағдыры терең бейнеленген. Ақын соғыс қасіретін: *«Талайы атқан оқпенен – жапалақтай жығылған, қызыл-жоса қырман боп, қырылды жаман шыбыннан»* деген жолдармен өрнектейді. Казак-орыстардың бүлікшіл елді бір жола құртып жіберуге жанталасқан әрекетін жанды суреттермен сипаттайды. Зар жылаған елімен бірге егіліп, амал таппай күйзеледі. Мұздай

қаруланған әскерлер зеңбірегінің добынан тозығы шығып, Қытай жеріне үріккен жұрттың жай-күйін ақын:

*«...Атадан жиган қой, жылқы,
Тимей, қашып жөнелдік.
Тіккен үйді теңкитіп,
Кірмей қашып жөнелдік,
Екі жеңін шапанның*

*Омартадағы орыстың
Омартадағы орыстың
Қойын қуып, сиырын*

Сүйрейқашып жөнелдік [18, 79-б]. – деген

сияқты өте әсерлі, көркем де бейнелі тіркестермен жеткізген. Тіпті, асып-сасқан елдің сол бір сәттегі тым қарбалас сәтін, жиған мүлкін, жинаған малын тастап қаша жөнелген жанталас өмірін көз алдыға суреттей тартады. Сол қашып бара жатып, омарта ашқан орыстардың малын талап, үйін өртеген. Мұны құры кетпей дұшпанынан алған кегі деп санаса керек. Осы қарусыз елдің патша өкіметінің құралды әскеріне төтеп бере алмай, туған жерін тастап Қытайға үріккен сәті қырғыз ақындарының да назарынан тыс қалмаған. Мәселен, Абылқасым Жутақеевтің «Качак турмушу» жырында:

*Карбаластап калың эл,
Кайырылбастан шар кетти.
Мал-пулына қарабай,
Эчен түркүн жан кетти.
Эл качканда әңгиреп,
Эгин калды басылуу.
Кайнап турған жеринде,
Казаны калды асылуу.*

*Таңылчактын баарысы,
Талаада калды жазылуу.
Тигилүү бойдон үй калды,
Жаннаттай болгон Чүй калды.
Кубаакы деген бел калды,
Кууарган байкуш эл калды [19, 43-б].*

Қазақ пен қырғыз халқының бас амандығы мен ұрпақтың болашағы үшін мал-дүниеден бас тартып, шекара асқан қайғылы көшін ақындар шынайы суреттеген. Жырларда иесіз қоныс, жылаған бала, күйзелген ел көрінісі оқырманға ауыр кезеңнің бейнесін көз алдына әкеледі. Молдахмет Қарашұлы босқындардың халін «*Кәмбей кеткен күн болған – атасы мен анасын, қатыны мен баласын*» деген жолдармен бейнелейді.

Көдек (Әбдірахым) Байшығанұлының «*16 жыл туралы*» дастанында шет елге ауған елдің тұрмыс-тіршілігі, саудаға түскен мал мен намыс, азап пен дәрменсіздік шынайы көрініс табады. Бұл туындыларда ел тағдыры, азаттыққа деген аңсар мен рухани күйзеліс терең бейнеленген.

Соның салдарынан туған дәрменсіздік ақынның ішкі шеріне былайша қозғау салады:

*«Албан менен қырғызға,
Көрсеттің Құдай кәріңді...
Шекарадан өткен соң,
Талады қалмақ малымды» [20, 155-б.].*

Ақын халықтың ауыр тұрмысын, 1916 жылдың қысы кезіндегі аштық пен дерт жайлаған зобалаңды шынайы суреттейді. Аштықтан титықтаған ел күнеліс үшін қызын – күн, ұлын – құл етуге мәжбүр болған. Көдек Маралбайұлының жырларында бұл көріністер терең бейнеленіп, ақын: *«Кезіккеннің ұғынсам ақуалын, көзінен жас, көңілінен шер кетпеген»* деп халық қасіретін шынайы жеткізеді.

Қырғыз ақыны Ысақ Шайбековтың *«Азған ел», «Қайран ел», «Қайтқан ел»* атты жыр циклдері де босқын халықтың азапты көші мен жат жердегі жоқшылықты бейнелейді. Ол Ашуусу, Қара-Кужур, Бедел, Қара-Саз сияқты жер атауларын атап, оқиғаның тарихи кеңістігін нақты суреттейді. Ақын шығармаларында туған жерге деген сағыныш пен азаттыққа деген үміт негізгі идеялық өзекекке айналады.

*«Қымыз, бозо ачитқан,
Күбүн сатты кайран эл.
Тоо, токойдун ичинен
Дүмбүр сатты кайран эл.
Үйгө жыйған төшөнчү
Жүгүн сатты кайран эл.*

*Нечен көчөт термелүү
Түрүн сатты кайран эл.
Кийиздерин кылалбай,
Жүнүн сатты кайран эл.
Оокат үчүн алардын
Күнүн сатты кайран эл», – [20, 21-б.] –*

деп, ақын өз көзімен көрген ел басындағы қиыншылықты бүкпесіз жырлайды, асыра айтып, артық сөз қоспайды. 1916 жылғы зобалаңды басынан өткеріп, Қытайға ауған елдің ауыр халі Әжек Мырзаұлының *«Заманның бір әуреке салғанын-ай!»* атты толғауында шынайы бейнеленеді. Бұл шығарма мазмұны мен идеясы жағынан Көдек Маралбайұлы, Бөлітірік, Ысақ, Әбілқасым, Етекбай сияқты көтеріліс ақындарының туындыларымен үндес келеді.

Көдек пен Әжек толғауларында халықтың азапқа толы тағдыры мен үмітсіздік сарыны ұқсас суреттелген. Әжек ақын: *«Қиықша нан жемейтін кайран елім, арпаға ат жейтұғын таласады»* – деп елдің мұңын жеткізсе, Көдек: *«Өзі Құдай бермесе жаппар ием, жалғаннан үзіп тұрмын күдерімді»* – деп заманның зарын бейнелейді

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында жазылған. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP26100871)

Қорытынды

Зерттеу нәтижесін қорыта айтқанда, 1916 жылғы «25 июнь» жарлығына қарсы қазақ пен қырғыз халқының ұлт-азаттық көтерілісі – XX ғасыр басындағы екі бауырлас елдің еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылған тарихи күресінің айқын көрінісі. Көтеріліс жеңіліспен аяқталғанымен, ол патшалық биліктің әлсіреуіне және жүйенің күйреуіне әсер етті.

Осы кезеңдегі ақындар шығармашылығы халықтың рухын, қайғысы мен үмітін бейнелеп, тарихи оқиғалардың айғағына айналды. Қазақ пен қырғыз ақындарының туындыларында ортақ сарындар мен ұқсас бейнелер мол. Албан Асан мен Арыстанбек сияқты ақындар өз жырларында дәуірдің ауыр ахуалын, «Ақыр заман» белгісін ұқсас сипатта суреттеді.

Сонымен бірге, әр халықтың шығармаларында өзіндік ерекшеліктер де бар: қазақ ақындары көтерілістің басталу себептерін, ұйымдасуын және басшылардың іс-әрекетін нақты деректермен көрсетсе, қырғыз ақындары халықтың қашқындық кезеңін, аштық пен қиыншылық көріністерін шынайы бейнелеген. Екі халық жырларында туған жерге деген сағыныш, азаттыққа сенім және атажұртқа қайта оралу қуанышы үндесіп жатады.

Демек, 1916 жылғы тарихи оқиғаларды терең зерттеу мен екі халық ақындарының шығармаларын салыстыра талдау – сол дәуір шындығын тануға және ортақ тарихи жадты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Әбдуқахаров, А. А.** Отарлық саясатқа қарсылық : 1916 жылғы Түркістан көтерілісі жаңа зерттеу бойынша [Мәтін] // Journal of Applied Science and Social Science. – 2025. – Т. 15. – № 6. – Б. 230–234.

2 **Сокол, Э. Д.** Ресейдің Орта Азиясындағы 1916 жылғы көтеріліс / алғы сөзі С. Фредерик Старр – Балтимор Johns Hopkins University Press 2016. – 245 б.

3 **Орынбекова, Р. Ж. Үскенбаев, Қ. С.** 1916 жылғы халық көтерілісі: тарихи сипаттама [Мәтін] // Вестник Карагандинского университета Серия «История Философия» – 2017 – №3(87) – Б. 32–36.

4 **Сейтқазина, Қ., Түсіпова, Г., Садықов, Т., Омаров, Д., Нәбиев., С.** 1916 жылғы Қазақстандағы патша үкіметіне қарсы көтерілістер және 1921–1922 жылдардағы кеңес саясаты Ұқсастықтар мен айырмашылықтар (Ақмола және Атбасар аудандары материалдары бойынша) [Мәтін] // Scientific Herald of Uzhhorod University Series «Physics» – 2024 – № 56. – Б. 1979–1985.

5 **Ақыр заман** // Албан Асан сөздері – Қызылорда Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1934. – 102-б.

6 **Қазақстан тарихы** – Алматы, 1994. – 237-б.

7 **Әбдуқахаров, А. А.** Отарлық саясатқа қарсылық: 1916 жылғы Түркістан көтерілісі жаңа зерттеу бойынша [Мәтін] // Journal of Applied Science and Social Science – 2025. – Т. 15. – № 6. – Б. 230–234.

8 Қарқара толғауы – Алматы: Ан-Арыс, 2016. – 320-б.

9 Мұрас – Бішкек: Кыргызстан, 1990. – 448-б.

10 **Сұлтанғалиева, Г. С., Қойжигитова, Ж. Б.** 1916 жылғы Орта Азия көтерілісі шетелдік тарихнамада [Мәтін] // Al-Farabi Kazakh National University Journal of History – 2018. – № 1(88). – Б. 50–56.

11 **Сокол, Э. Д.** Ресейдің Орта Азиясындағы 1916 жылғы көтеріліс / алғы сөзі С. Фредерик Старр – Балтимор: Johns Hopkins University Press, 2016.

12 **Байшығанұлы, К.** Толық шығармалар жинағы – Т. 1 – Алматы: Үш Қиян 2022. – 312-б.

13 ҚР Орталық ғылыми кітапханасы 1022-бум

14 Мұқаметжанұлы Қ. Қырық бір күн жанған алау немесе Ұзақ батыр қалай атылды? – Abay.kz 2016.

15 Қарқара толғауы – Алматы: Ан-Арыс: 2016. – Б. 58.

16 Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры 340-бум

17 **Әлібеков, Т.** Жарияланбаған мұралар [Мәтін] // Ана тілі – 1996. – № 34.

18 Қарқара толғауы – Алматы: Ан-Арыс, 2016. – Б. 79–80.

19 Қайран эл тайгак кечүүдө – Бішкек: Кут-Бер, 2016. – 552-б.

20 **Маралбайұлы, К.** Шығармалар – Үрімжі: Жастар-өрендер, 1988. – 155-б.

References

1 **Abduqaharov, A. A.** Resistance to Colonial Policy: The 1916 Turkestan Uprising Based on New Research // Journal of Applied Science and Social Science – 2025. – Vol. 15. – No 6. – P. 230–234.

2 **Sokol, E. D.** The Revolt of 1916 in Russian Central Asia / Foreword by S. Frederick Starr – Baltimore MD: Johns Hopkins University Press 2016. – 245 p.

3 **Orynbeckova, R. Zh., Uskenbayev, K. S.** 1916, Uprising : A Historical Description // Vestnik of Karaganda University Series History Philosophy – 2017. – No 3(87) – P. 32–36

4 **Seytkazina, K., Tussupova, G., Sadykov, T., Omarov, D., Nabiye, S.** Uprisings in Kazakhstan Against the Tsarist Government in 1916 and Soviet Policy in 1921–1922 Similarities and Differences (Based on the Materials of Akmola and Atbasar Districts) // Scientific Herald of Uzhhorod University Series Physics – 2024. – No 56. – P. 1979–1985.

5 Akhyr Zaman Alban Asan Sozderi. – Kyzylorda Qazaqtyn Korkem Adebiet Baspasy. 1934. – 102 p.

6 Kazakhstan Tarihy – Almaty, 1994. – 237 p.

7 **Abduqaharov, A. A.** Resistance to Colonial Policy: The 1916 Turkestan Uprising Based on New Research // Journal of Applied Science and Social Science – 2025. – Vol. 15. – No 6. – P. 230–234.

8 Karkara Tolgawy – Almaty: An-Arys, 2016. – 320 p.

9 Muras – Bishkek: Kyrgyzstan, 1990. – 448 p.

10 **Sultangaliyeva, G. S. Koizhigitova, Zh. B.** The 1916 Central Asian Uprising in Foreign Historiography // Al-Farabi Kazakh National University Journal of History – 2018. – No 1(88). – P. 50–56.

11 **Sokol, E. D.** The Revolt of 1916 in Russian Central Asia / Foreword by S, Frederick Starr – Baltimore MD Johns Hopkins University Press 2016

12 **Bayshyghanuly, K.** Tolyq Shygharmalar Zhinagy Vol. 1 – Almaty: Ush Qiyan, 2022. – 312 p.

13 Central Scientific Library of Kazakhstan Bundle No 1022.

14 **Mukhametzhanuly, K.** Forty-One Days of Flame or How Uzak Batyr Was Executed? – Abay.kz 2016.

15 Karkara Tolgawy – Almaty: An-Arys, 2016. – P. 58.

16 Institute of Literature and Art Manuscript Fund. Bundle No 340.

17 **Alibekov, T.** Unpublished Heritage // Ana Tili. – 1996. – No 34.

18 Karkara Tolgawy – Almaty: An-Arys, 2016 – P. 79–80.

19 Kayran El Taygak Kechüüde – Bishkek: Kut-Ber, 2016. – 552 p.

20 **Maralbaiuly, K.** Shygharmalar – Urumqi: Zhastar-Oreder, 1988. – 155 p.

08.07.25 ж. баспаға түсті.

14.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

А. А. Абсадык¹, *Н. Елесбай², Д. Б. Кусаинов³

^{1,3}Костанайский региональный
университет имени Ахмет Байтұрсынулы,
Республика Казахстан, г. Костанай;

²Институт литературы
и искусства имени М. О. Ауэзова,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 08.07.25.

Поступило с исправлениями 14.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В ТВОРЧЕСТВЕ КАЗАХСКО-КЫРГЫЗСКИХ ПОЭТОВ

Казахский и кыргызский народы – родственные, с общей судьбой, культурой и историей. Сходство их литературных и фольклорных традиций отражает их духовную связь. XVIII век был эпохой ханов и героев, а XIX – эпохой поэтов. В статье рассматривается национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане и Кыргызстане, вызванное царским указом от 25 июня. В поэмах и эпосах казахских и кыргызских акынов нашли отражение колониальное угнетение, лишение земель и водных ресурсов, социальная несправедливость и рост народного недовольства. Такие поэты, как Арыстанбек Буйлашұлы и Албан Асан, изображали этот период как «конец света», предсказанный в религиозных легендах. Углубленное изучение исторических событий 1916 года и сравнительный анализ произведений поэтов обоих народов позволят нам осознать реальность той эпохи и возродить общую историческую память. В исследовании проведён сравнительный анализ произведений казахских и кыргызских поэтов, выявлены особенности художественного осмысления исторической действительности, причин и последствий восстания, а также общие и отличительные черты их поэтического отражения. В исследовании использованы первоисточники, посвященные событиям 1916 года, а также проведен анализ исторической ситуации и общественно-политических проблем на основе произведений казахских и кыргызских народных поэтов.

Ключевые слова: 1916 год, национально-освободительное восстание, творчество поэтов, бегства, беженцы, различие, сходство, своеобразие.

A. A. Absadyk¹, *N. Yelesbay², D. B. Kusainov³

^{1,3}Kostanay Regional University
named after Akhmet Baitursynuly,
Republic of Kazakhstan, Kostanay;

²Auezov Institute of Literature and Art,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 08.07.25.

Received in revised form 14.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

REFLECTION OF THE NATIONAL LIBERATION UPRISING OF 1916 IN THE WORKS OF KAZAKH-KYRGYZ POETS

The Kazakh and Kyrgyz peoples are related, sharing a common destiny, culture, and history. The similarity of their literary and folkloric traditions reflects their spiritual connection. The 18th century was the age of khans and heroes, while the 19th century was the age of poets. The article explores the 1916 national liberation uprising in Kazakhstan and Kyrgyzstan, caused by the tsarist decree of June 25. This event found reflection in the poems and epics of Kazakh and Kyrgyz poets, revealing the colonial oppression, land dispossession, social injustice, and growing poverty that fueled public discontent. Poets such as Arystanbek Bulashuly and Alban Asan depicted this period as a symbol of the «End of the World» from religious legends. A deeper study of the historical events of 1916 and a comparative analysis of the works of poets from both nations will allow us to understand the reality of that era and revive our shared historical memory. The study analyzes works of poets who witnessed these events, comparing how Kazakh and Kyrgyz literature portrayed the uprising, its causes and consequences, and identifying similarities and distinctive artistic features. The study utilized primary sources dedicated to the events of 1916, and also analyzed the historical situation and socio-political issues based on the works of Kazakh and Kyrgyz folk poets.

Keywords: 1916, national liberation uprising, poetry, escapes, refugees, differences, similarity, uniqueness.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz